

ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МІНДЕТІ – ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ



КЕҢЕС

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен сәулет және қала құрылысы кеңесінің кезекті отырысы болып өтті. Кеңестің күн тәртібіне барлығы сегіз жоба ұсынылды. Оның алғашқысы «Халыққа қызмет көрсету нысандары орналасатын әкімшілік ғимараты» жобасы туралы «МТС Компани ЛТД» ЖШС бас сәулетшісі Дәурен Илиясов хабарлама жасады.

ЖОБАЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ МАҚҰЛДАНДЫ

Бұл нысан облыс орталығындағы Ғ.Мұратбаев көшесінде орналасқан халыққа қызмет көрсету орталығы жанынан салынатын болады. Бөлінген аумақтың ауданы 32 мың шаршы метрден асады. Ғимарат 15 қабаттан тұрады. Оның бірінші және үшінші қабаттары аралығында ойын-сауық орталығы, сауда орындары, мейрамхана, екі кинотеатр, балаларға арналған аттракциондар орналасады. Ал төртінші қабаттан бастап кеңсе бөлмелеріне арналған. Жалпы, бұл бизнес және сауда орталығы аумағында жабық және ашық паркінгтер, саябақ аймағы автотұрақтар, демалыс алаңдары болады. Жобаның бас сәулетшісі, ғимарат классикалық стильде салынып, сырқы келбеті мәрмәрмен, ал ірге тасы гранит плиткалармен қапталатынын жеткізді. Ғимараттың сырт келбетінде ұлттық нысандар көрініс табады.

Облыс басшысы бұл қажетті нысан екенін атап өтті. Ол орналасатын аумақтың бір жағында дария ағып жатыр, оған салынатын жана көпір де тиіп тұр. Қырымбек Елеуұлы жоба иелеріне нысанға жақын орналасқан дария жағалауын қоса көркейту қажеттігін тапсырды. Онда жаяу жүргіншілер және велосипедшілер жолын жасап, демалушыларға арналған алаңдар болуы тиіс. Ал газондарда тамшылатып суару технологиялары жұмыс істеуі керек. Сөз соңында аймақ басшысы әкіздік жобаны мақұлдауды ұсынды. Бірақ үш жыл ішінде салынбайтын болса, бұл аумақ қайта алынып, мемлекет қарауына берілетінін қатан ескертті.

Кеңсе қарауына облыстың елді мекендерінде салынатын бірнеше білім ошақтарының жобасы ұсынылды. Олардың екеуі 140 орындық мектептер, Қазалы ауданындағы Бірлік ауылында және Қармақшы ауданындағы Қуандария ауылында салынады. Ал 200 орындық мектеп Жаңақорған ауданындағы Қожамберді ауылына салына, 300 орындық білім ошағы Шиелі ауданындағы Ә.Тәжібаев ауылында бой көтермек. Сәулетші Ғалымжан Әлиев жобалар толықтай



облыстық құрылыс басқармасы тарапынан берілген техникалық тапсырмаларға сәйкес келетінін жеткізді. Мектептерде оқу сыныптары, дене шынықтыру алаңы мен жабық зал, асхана, мәжіліс залы, алғашқы әскери дайындық және басқа да қажетті кабинеттер, оқу әдістемелік алаңы демалыс орындары шаруашылық алаңдары орналасқан. Мектеп ғимараттарының сырты жаңадан шығып жатқан сапалы бояумен сырланады. Білім ордаларының аулалары абаттандырылып, көркейтілетін болады.

Облыс әкімі өскелең ұрпақ тәрбиелеу мақсатында

созбауды тапсырды. Әсіресе, Шиелі ауданындағы Оқшы ата кесенесінің жанынан салынатын кешен құрылысы қысқа мерзімде салынып бітуі керек. Өйткені, киелі жерге еліміздің түкпір-түкпірінен жиналатындар қатары көп. Бірақ жеделдетуді желеу етіп, сапаны ұмытуға тағы болмайды.

Кеңес отырысының қорытындысында сын, ескертпелер айтылғанмен ұсынылған жобалардың барлығы мақұлданды.

Ыдырыс ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕР МЕН БАСПАХАНАҒА АВТОКӨЛІКТЕР БЕРІЛДІ



Сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты аудандық басылымдар мен баспаханаға қызметтік автокөліктердің кілтін салтанатты түрде табыстады. Бұл аймақ тарихында тұңғыш рет қолға алынған шара.

Осыдан төрт жыл бұрын құрылған «Сыр медиа» ЖШС 3 облыстық, 7 аудандық, 1 қалалық және интернет газеттері мен акпараттық талдау орталығының басын қосқан бірегей құрылымға айналды. Бүгінде 300-ге тарта адамның басын біріктіріп отырған мекеменің акпарат айдынындағы алар орны ерекше.

Салтанатты шарада облыс басшысы

Қырымбек Көшербаев мемлекет тарапынан ел үшін жасалып жатқан игілікті істер мен шынайы акпараттарды жұртшылықтың назарына жеткізіп жүрген БАҚ өкілдері екенін атап өтті.

– «Сыр медиаға» қарасты басылымдар өңіріміздің күнделікті тыныс-тіршілігі мен жаңалықтарын облыс, республика көлемінде үздіксіз таратуда. Сондықтан, қажетті материалдық-қаржылық қолдау көрсету жақсылықтың жаршысына айналған құрылым жұмысына оң әсерін тигізері сөзсіз, – деді аймақ басшысы.

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен оқу-ағарту саласын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан қайраткер Т.Жүргеновтің есімі берілген Шығармашылық үйі де заманауи ғимараттардың бірі. Облыс әкімдігінің қолдауымен жана ғимаратқа көшкен серіктестіктің қазір өз баспаханасы бар, онда

оннан астам газет түрлі-түсті сапада басылып, оқырмандарға тұрақты жол тартып отыр. Сыр елі шығармашыл жастарының басын біріктіретін, жалпы жастардың ойларын ортаға салар басылымы болсын деп «Ақмешіт жастары» газеті ашылды. Сонымен қатар, аудандық басылымдардың материалдық-техникалық жағдайын жақсартуда нақты шаралар жүзеге асырыла бастады.

Салтанатты шарада 7 аудандық басылым мен баспахана басшыларына «Нива» автокөліктерінің кілттері тапсырылды.

Шара барысында ардагер-журналист, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы Рахымбекұлы журналистердің қаламына қанат бітірердей қолдау көрсетіп отырған облыс басшысына ұжым атынан алғыс білдірді.

Дәурен ОМАРОВ.

1 қазан – ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы күні

ҮМІТКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУДЕ

Үстіміздегі жылдың 1 қазанында ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы өтетіні белгілі. Бұл күндері депутаттыққа үміткерлер аймағымызды аралап, жергілікті мәслихат депутаттарымен кездесулер өткізуде.

Аптаның дүйсенбісі күні Сенат депутаттығына үміткерлер Шиелі, Жаңақорған аудандарында болып, халық қалаулыларын өздерінің кандидаттық бағдарламаларымен таныстырды және бірқатар сауалдарға жауап берді. Кездесулерге аудандық мәслихаттың депутаттары және БАҚ өкілдері қатысты.

Жиынды облыстық сайлау комиссиясының хатшысы Н.Қожамжаров жүргізіп, сайлау тәртіптері және үміткерлермен таныстырды. Бұл сайлауда 29 облыстық, 19 қалалық және 98

аудандық, барлығы 146 мәслихат депутаттары дауыс беретін болады. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары 12 қыркүйектен басталып, 29 қыркүйек күнгі түнгі сағат 24-ке дейін созылады.

Бұл жолғы Парламент Сенаты депутаттығына үміткерлікке 3 адам, Бекмырза Еламанов – облыстық мәслихат хатшысы, Әшім Оразбекұлы – Шиелі ауданы мәслихат хатшысы және Серікбай Әмірзақов – «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күрші шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның бас директоры түсіп отыр. Бұл азаматтардың қай-қайсысы болса да, өмірлік тәжірибелері мол, мемлекеттік саясатты жетік білетін аймағымызға танымал азаматтар.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі, Жаңақорған аудандары.

ИДЕОЛОГИЯНЫҢ МІНДЕТІ – ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

Сондай-ақ, Елбасының «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» идеясын насихаттаудың маңызы зор. Адам мақсатына жету үшін бір мамандықты итеріп, оны бүге-шігесіне дейін зерттесе, табысқа жетеді. Қырымбек Елеуұлы құқықбұзушылыққа қарсы тұру, аймақтағы қоғамдық-саяси ұйымдармен жұмыс жүргізу, «Жас ұлан» балалар мен жастар ұйымының жұмысына қатысты пікірін айтты.

Аймақта барлық маңызды саяси мәселелер қоғам талқысына түсіп, бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс табады. Бұл ретте тәуелсіз БАҚ-тың да потенциалы пайдаланылады. Облыстық және аудандық басылымдардың басын біріктірген «Сыр медиа» холдингі құрылған. Оған қоса, жергілікті атқарушы органдар жұмысымен халықты хабарландырып отыру үшін коммуникация қызметі іске қосылды. Онда апта сайын аудан, қала әкімдері, мемлекеттік орган



басшылары брифинг өткізеді. Жастарға еңбектің бағасын ұғындыру үшін аймақта еңбек династияларының форумын өткізу жоспарлануда. Осылайша тұрғындардың моральдық және мәдени дамуына, азаматтық ұстанымдарының қалыптасуына көңіл бөлініп келеді.

Қырымбек Елеуұлы Елбасының «Тәуелсіз еліміз үшін ең басты құндылық – тұтастық» деген тағылымына тоқталып, «бірлік бекем болған жерде ұлттық мәдениеттің, ішкі-сыртқы саясаттың орнықты қызмет еткенін көрсетеді», – деді.

– Облыс халқының 86 пайызы аймақтағы қоғамдық-құқықтық ахуалды тұрақты деп бағалаған. Құқықбұзушылыққа қарсы мәдениет қалыптастыру туралы Елбасы идеясы айрықша рөл атқарады. Бұл ретте қылмыстың алдын алудың маңызы зор. Біздің облыста бұл мәселеге тұрақты көңіл бөлініп келеді. ҚР Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысын еліміздегі ең қауіпсіз аймақ деп таныды,– деді облыс басшысы.

Сондай-ақ, облыс әкімі «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалына халықпен жұмыс істеуге белсенді болу керектігін ескертті. Әлеуметтік сауалнамалар әрбір екінші респонденттің алдағы күні жағдайының түзелеріне сеніммен қарайтынын көрсетті. Қоғамдық-саяси жұмыстардың ауқымын кеңейтіп, іс-шаралар ұйымдастырумен шектелмей, жұмыстың белсенді формалары – қоғамдық тыңдаулар, халықпен кездесулер ұйымдастыру керек. Партия ұйымдары мүмкіндігі шектеулі жандармен, жетім балалармен, нашакорлармен, ВИЧ дертіне шалдыққандармен, балалары тастап кеткен қариялармен, бұрын сотты болғандармен жұмыс жасаудың арнайы бағдарламасын әзірлеуде бастамашы болуы тиіс.

– Арбаға танылған жандардың қоғамдық маңызы бар шараларда бір залда бәрімізбен қатар отыруын дәстүрге айналдыру керек,– деп атап өтті.

– Қазақ елі тегінде бар тектіліктің, қанында бар қасиеттің, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар ұлттық идеологияның алтын тамырына сызат түсірмей, әлем алдындағы абыройын сақтап отыр. Ал осы ұлы құндылықтардың, сарабал саясат пен бейбітшіліктің берік тұғырын қалауда, ұлттың дара дәстүрін, сара әдег-ұрпын дүниеге паш етуде. Тұңғыш Президентіміз, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегін халық ерекше құрметтейді. Олай болса біз жұрт болып жұмылып, ел болып бірігіп Елбасының алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға тиіспіз,– деді К.Көшербаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі елімізде жасалған ірі реформалардың бірі орталық атқару органдары пен

сы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Мемлекеттің дін саласындағы салиқалы саясаты еліміздегі дини ахуалдың тұрақтылығына кепіл болып келеді. Дегенмен, ислам атын жамылған радикалды, керіағар топтармен жұмыс жүргізу үшін имамдар мен теолог мамандардың біліктілігін арттыру керек. Комитет төрағасы жұртшылыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізетін ақпараттық-насихаттық топтардың дәстүрлі дін құндылықтарын насихаттаудағы еңбегіне баға берді. Әйткенмен, АНТ құрамына зиялы қауым өкілдерін, дінтанушыларды, үкіметтік емес ұйымдардың қосу арқылы оның сапасын арттыруға мән берілмек. Сондай-ақ азаматтарға тәуелсіз еліміздің қол жеткізген табыстары түсіністік, рухани келісім арқасында орнағанын ұдайы айтудың маңызы зор. Комитет төрағасы Сыр өңіріндегі дини ахуалдың тұрақтылығын атап өтті. Қоғам дамуын тежейтін керітартпалықтың алдын алу үшін насихаттық жұмыс жүйелі түрде жалғаса беруі керек.

– Біз мемлекет пен дін бір-бірінен бөлінген зайырлы мемлекетте өмір сүрсек те, имамдардың білімін көтеруіне, әлеуметтік жағдайына көмектесіп келеміз, – деді комитет төрағасы.

Одан әрі сөз алған «Қазақстанның Азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Нұрлан Ерімбетов «Қазақстан-2050» стратегиясының Кеңес заманындағы ұзақмерзімді бағдарламалардан ерекшеліктеріне тоқталды. Қазіргі заманғы кәсіптік бағдар берудің олқы тұстарын сынга алды. Екі-үш дипломның нанын жей алмай, мүлде басқа тірліктің бодауында кеткендердің қателігі кәсіптік бағдарды дұрыс алмағанында.

– Жақында әлеуметтік сауалнама жүргіздік. Респонденттер ең басты құндылық – әділеттілік, екінші орында жемқорлықты ауыздықтау, үшінші орында ғана айлық табыс деп есептейді екен. Бүгінде халықтың 75 пайызы несиеге өмір сүруге дағдыланып кеткен. Несиеге баспана алуды түсінуге болады, ал несиеге көлік, тұрмыстық техника алу, той жасау өзін-өзі алдаумен тең, – деді бірлестік президенті.



Сондай-ақ аты дардай техникалық оқу орындарының маман даярлаудағы кемшіліктерін басқа көрсетті. Осындай көптеген оқу орындары тек диплом таратумен айналысу-да. Алдағы уақытта бір көзден қаржыландыруды қолға алатын Азаматтық альянстың жұмыс ауқымына тоқталды.

– «Біздің заманның геройы кім?» деген мәселе ойландырды. БАҚ-та шоу бизнес өкілдерінің жеке өмірінің кеңінен насихатталуы өскелең ұрпақ бойына «адам болма десек, әртіс бол» деген тәрбие сіңіруде. Имамдар халықпен етене араласпайды. Сіздер жамағатты мешітке күтіп отырғанда, орта жолда өз насихатын, кітабын, ұстанымын тықпалағандар оларды түзу жолдан тайдырып әкетіп жатыр. Мені өз басындағы қиын ахуалды, кедейлігін, жұмыссыздығын тағдырға жауып отыра беретін жастардың көбейгені алаңдатыды. Олар жауапкершіліктен қашады, – деді Нұрлан Кенжебекұлы.

Біздің аймақта жастар ресурстық орталығын құру жұмыстары аяқталды.

Сонғы 2 жылда әлеуметтік жағдайы төмен, бірақ білімге құштарлығы бар балаларға арналған облыс әкімі грантының саны 363-ке жетті. «Серпін» бағдарламасы бойынша басқа өңірлерге білім алуға 420 сырбойылық аттанды. Сондай-ақ, металлургиялық өндірісті дамыту аясында Ресей Үкіметінің гранты есебінен Мәскеу, Санкт-Петербург жоғары оқу орындарында мамандар дайындау жолға қойылды.

Рухани-танымдық тәрбие берудің кейбір мәселелеріне тоқталған облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов экономикалық, тұрмыстық қиындықтардың уақытша екенін, рухани тоқыраудың бәрінен де қауіптілігін баса айтты. Қоғамдағы қазақтың санасына сыймайтын, құлақ естіп, көз көрмеген жағдайлардың орын алуы қалыптй жағдайға айналып барады.

– Нашакорлық, зинакорлық, өсек-өтірік, жемқорлық сияқты санаға орнықпайтын жайттардың белен алуына алаңдаймыз. Мұның ең сорақысы бауыр еті баласы мен ата-анасынан безінгендер дер елім. Қазір еліміздің қарттар үйлерінде 7700 қария зар шегіп жатыр. Әлеуметтік жағдай тұрақталған сайын ата-анасын керексіз еткендер саны көбейіп барады. Жетімдер үйіндегі 10 мыңнан астам баланың басым бөлігінің ата-анасының көзі тірі. Некесті туылған сәбилер саны артып барады. Жер жаһанның 25 еліне 8 мыңнан астам бала сатылып кеткен. Дүниеге келген сәбилердің дімкәс болуы, бозбалалардың әскерге баруға денсаулығы жарамай-тыны ойландырмай қоймайды. Еліміз түрме саны жөнінен алғашқы орындардың бірінде. Тек әйелдер отыратын колониялар саны 5-ке жетіпті. Өзіне қол жұмсағандар жөнінен де алдыңғы қатарға шығыппыз. Мұндай фактілерді жүздеп келтіре аламын. Енді не істеу керек? Бұл жағдайдан қалай шығамыз?

Біз бұл мәселелерді қазақ халқының салт-санасы, дәстүрі мен мыңжылдықтар бойына жинаған тәжірибесіне сүйеніп шешуіміз керек. Екінші, дінге сүйену арқылы шешеміз. Исламның күш-қуаты арқылы жоғарыда мысалға келтірген сұмдықтарға тосқауыл қоюға әбден болады. Үшінші, өркениетті елдердің жақсы үлгілерін алу, оларды өзіміздің ынғайымызға бейімдеу арқылы жұмыс жүргізу керек.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақтың төрт ұраны болды. «Аттан, Алаш, Асар, Алас» деген ұрандармен барлық мәселені шешті. «Аттан» дегенде белбеудегі атына мініп, елін қорғауға аттанды. «Алаш» дегенде бүкіл қазақ атқа қонды. Ғасырлар бойы бабасынан қалған атамекеніне көз алартқандарға жерінің шетін бастырмады. «Асар» дегенде барлығы жиылып келіп, шаруаны еңсерді. «Алас» дегенде ел ішіндегі теңектерді, жоғарыда айтылғандай, маскаралыққа барғандарды, ұры-қарыларды ар жазасына тартқан. Өлімнен де ауыр жазаны қолданатын болғандықтан мұндайға ешкімнің дәті бармаған.

Қазақтың ұрлыққа қарсы қолданған жазасын қазіргі экономикалық шара көрүлермен салыстыра алмайсың. Мәселен, ертеректе кісен ұрлаған адам ат төлеп құтылатын болған. «Кісен атты қорғайды, ат ерді қорғайды, ер елді қорғайды» деп, ұрлыққа тосқауыл қойған.

«Ел боламын десек, бесіңді түзе» деген сөз бар. Мен бесікті де есік пен терезені де түйейтін уақыт жетті дер едім. Есікті түзе дейтінім, шеттен келген мыңдаған мис-



сионерлер миллиардтаған ақшаны шашып, біздің ұлттық құндылықтарымыздың тас-талқанын шығаруда. Бізге кімнің, қандай мақсатпен келіп жатқанын таразылау керек. Терезені түзеу керек дегенді балаларымыз теледидардан, интернеттен, газеттерден не оқып, не тоқып жатқанын бақылау керектігіне сүйеніп айтамын.

Әлемдік тәжірибелерден үлгі ретінде туымысынан ақсүйек ағылшын халқының өнегесін айтайын. Олар «ағылшынның ұлы құл болмайды, қызы құл болмайды» деп баласын өжеттікке тәрбиелейді. Немістер «сен ең асыл нәсілсің» деп құлағына құяды. Бізге балаларымызды «Сен қазақ деген ұлы халықтың ұрпағысың» деп тәрбиелеуге кім кедергі келтіріп отыр? Психологтардың өзі баланы тұқырту, «сен адам болмайсың» деп төмендету оның болашағына кері әсер ететінін айтады.

Тәрбиеде діннің күшін пайдалану керектігі айқын. Біз іздеген мыңдаған сауалдың жауабын Құраннан табуға болады. Өзіне қол жұмсағандардың бір бөлігінің мұндайға ба-руына несенің өтей алмауы себеп екен. «Ақшамен ақша жасағандардың» тірлігін халық түсінбей, қарызға белшесінен батып жатыр. Табан ақы, маңдай терінің өтеуін ала алмай қанша адам сандалып жүр. Құранда «адамның еңбекәкисын көйлегінің тері кепенісе бер» дейді.

Мемлекеттік және ұлттық идеологияның темірқазығы дін мен дәстүр бола алады. Бүгінгі жиын осы мәселелерді тағы бір мәрте қозғауға, тереңнен қаузауға мүмкіндік берді, – деді қоғам қайраткері.

Идеялогиялық актив жиынын облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қорытындылады. «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын іске асыруда Елбасы «Алаштың анасы» атаған Сыр елінің орнын атап өтті. Күллі қазақтың ашыққанда тойынған, қамыққанда жұбанған, маңдайын тіреген жері – Сырдың бойы екенін тарихшылар айтып та, жазып та жүр. Сондықтан елдік мұраттар жолындағы бастамаларға қолдау білдірудегі, жүзеге асырудағы міндеттер айқын болуы тиіс.

Идеялогиялық қызметтің басты міндеті саналы, тәрбиелі, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу, Елбасы идеяларын жүзеге асы-ру, еліміздің әлемдегі озық отыздыққа енуіне қызмет ету бо-лып қала бермек.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ПІКІР

Ғабит БӘЙМШЕВ,
Қазалы ауданы әкімінің орынбасары.

– Бүгінгі жиын «Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» де-ген аталар тәмсілін қайта бір жаңғыртқан басқосу болды. Көп нәрсе айтылды, көкейде жүрген сауалдар да қойылды. Шынын-да да Қазақстанның кешегісі мен бүгінгісінде аспан мен жер-дей айырмашылық бар. Осының бәрі бір күнде орнай қалған жоқ. Бұл ұзақ жылғы бейнет-пен келген береке. Бұл жолда ешкім дініне, ұлтына қарап бөлінген жоқ. Бар қиындықты бірлікпен жеңді. Қазақстанды әлемдегі мой-ны озық елдің қатарына қосу үшін әлі де топтаса түсуіміз керек. Жиында айтылған мәселелердің бәрі маңызды. Әсіресе, жастар тәрбиесі, еңбек әулеттерінің форумын өткізу секілді тың бағыттар көпшіліктің көңілінен шықты.



Гульчын ГЕЙДАРОВА,
түрік этномәдени орта-лығының төрайымы:

– Бүгінгі иделогиялық жиын келелі ой, пайымды пікір айтылған басқосу болды. Ұлт Көшбасшысының «Мәңгілік ел» идеясын ел арасында түсіндірудің маңызы жайлы көп нәрсеге қанықтық.

Санагерлік саласындағы келелі мәселелерді көтерген жи-ында мен бірлігі бұзылмаған мемлекетте тұратыныма тағы

бір мәрте көзім жетіп, көңілім көкке көтерілді. Алдыңғы буын бізге жеткізген осы берекелі бірлікті сақтап, кейінгіге үлгі ету жо-лында бәріміз де үлес қосыуымыз керек. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың жиында сөйлеген сөзі маған осындай ой салды.

Расында да мақсаты айқын, мұраты анық Ұлттық идея төңірегінде топтасу бәріміз үшін абыройлы міндет. Қазақстандағы жүздеген ұлтты бір тудың астына біріктірген Ұлт көшбасшысы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланып отыр. Біз өз тарапымыз-дан осы бастамасының жан-жақты насихатталуына аянбай атсалы-самыз. Әйткені, бәріміз Бір Отанның баласымыз.

Меруерт АҢСАТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессо-ры:

– Бүгінгі идеологиялық ак-тив үкіметтік емес ұйымдар жұмысына да бағдар бергендей болды. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Елбасы бастамашы болған «Қазақстан–2050» страте-гиясын түсіндіруді тереңдетудің бір жолы ретінде жастар құрған қоғамдық ұйымдарды кеңінен тарту туралы тарата айтты.

Біз жастардың бойына өзіне деген сенімді орнықтыра білуіміз керек. Сонда ғана олар азаматтық қоғамды дамытатын тұлға бо-лып қалыптасып, елдік идеялар жолында топтаса алады. Аймақ басшысының идеологиялық жиындағы ұсыныс-пікірлері облы-ста азаматтық қоғамды дамыту ісіне тың серпін берді деп ой-лаймын.



Алмас БЕКЖІГІТОВ, Жана-қорған аудандық «Жанақорған тынысы» газетінің бас редакто-ры:

– Аймақ басшысы бүгінгі жиындағы сөз басын Елбасының Ұлытау төріндегі ұлағатты ойларынан бастап, «Мәңгілік ел» сынды ұлы идея төңірегінде бірігуіміз керектігін баса айтты. Елба-сы бастамашы болған идеяны халыққа жеткізу бізге – бұқаралық ақпарат құралдарына жаңа міндет жүкттейді. «Қазақстан-2050» – елді жаңа белесе-ке жеткізетін стратегия. Қазақстанның

бұрынғысы мен бүгінгісін қатар көрген аға ұрпақ осы бастамамы баспасөз арқылы жастар арасында насихаттауда белсенділік таны-туы керек.

Жиында мемлекеттің жастарға білім мен тәрбие беру саласындағы жаңа бағыты жайлы да келелі әңгіме қозғалды. Санагерлік саладағы сан түрлі мәселені көтерген басқосу біздің алдағы бағытымызды белгілеп берді.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Амангелді Әбдібаев, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Қазіргі уақытта біздің жастарымыз солтүстік өңірлерге білім алуға аттануда. Жастардың оқығаны жақсы, өйткені келешек солардыкі. Әйткенмен, біз болашақта маман тап-шылығын көрмейміз бе? Осыған қатысты сіздің ойыңызды білім келеді.

Қ.Көшербаев: – Елбасы тапсырмасымен жасалған «Серпін» бағдарламасы солтүстік аймақтағы демографиялық, экономикалық ахуалды есепке алып түзілген. Статистикалық мәліметтерге қарағанда облыс халқының саны 700 мыңнан асты. Жыл сайын елеулі өсім байқалып отыр. Алдағы онжылдықта бір миллионға жетеді деген болжам бар. Ал солтүстікте, керісінше, табиғи өсім төмендеп барады. Ондағы кәсіпорындар жұмыс қолын қажет етеді. Жастарымыздың солтүстікке барып білім алу-ына, кәсіби шыңдалуына, отбасын құрып, сонда тұрақтап қалуына түсіністіктен қарау керек.

Дүйсенбек Беркінбаев, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы:

аймақтардың арасындағы өкілеттіліктерді бөлудің маңызына, жауапкершілігіне тоқталды.

– Бірақ, жауапкершілікпен қоса кең көлемді мүмкіндіктер де береді. Сол себепті, ең бастысы, сол мүмкіндіктерді дұрыс қолдана білу. Осыны терең ұғынған жағдайда ғана біз Ел-басы халық игілігі үшін қойып отырған міндеттерді абырой-мен атқара аламыз, – деді.

Жиында ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитетінің төрағасы Ғалым Шойкин еліміздегі мемлекеттік саясаттың дін саласындағы өзекті мәселелеріне, діни ахуалға тоқталды. Қазақстанда конфессияаралық келісім салтанат құрып, зайырлы мемлекет құру бастамасы қолдау тауып келеді. Ең басты заң – Ата Заңымызда «Қазақстан Республика-

Жиында ҚР Білім және ғылым министрлігі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымының орынбасары Еркін Уйсінбаев сөз алып, ел жастарының бастамашылдығымен қолға алынған бірқатар игіліктерге тоқталды. Жалпыұлттық «Жасыл ел» бағдарламасына қатысқан 200 мыңнан астам жас елдің өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

– Қызылорда облысында тек осы жылдың өзінде 1000-нан астам адамға жалақы төленіп, бағдарламаның байлы-ты жүзеге асуына жағдай жасалды. Өкініштісі, басқа облы-стар «Жасыл елдің» жүйелі жұмысы үшін мұндай мүмкіндік ұсынбай отыр, – деді министрлік өкілі.

Оған қоса, Сыр жастарының басқа да мемлекеттік бағдарламаларға қатысудағы белсенділігін жоғары бағалады.

КҮРІШ ӨНДІРІСІМЕН ІРІ ШАРУАШЫЛЫҚТАР АЙНАЛЫСУ ҚАЖЕТ

Облыс әкімі Қ.Е. Көшербаевтың Жалағаш ауданы «АгроХолдинг» Байқоңыр» серіктестігінде күріш жинау жұмыстарына арналған семинар-кеңесте сөйлеген сөзінен

Биылғы жылы облыс диқандары ауа райының қолайсыздығына қарамастан, межеленген егіс көлемін агротехникалық талаптарға сай мерзімінде орналастырды. Вегетациялық кезеңде барлық егіс көлемі суармалы сумен толық қамтамасыз етілді. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдауға үлкен мән беріліп келеді. Үстіміздегі жылы егіншілік саласын субсидиялауға бюджеттен 5,2 млрд. теңге қаржы бөлінді. Одан басқа, «Агробизнес-2020» бағдарламасы бойынша шаруашылық құрылымдарына берілген несиелердің пайыздық ставкаларын субсидиялау, инвестициялық субсидия тағы да басқа бағыттар бойынша шаралар атқарылуда.

Жаз бойы еңбектенген диқан қауымының еңбегі нәтижесінде барлық егіннен 161,4 мың гектар егіс, оның ішінде 81,2 мың гектар күріштің басым бөлігінің жағдайы жақсы деп бағалануда. Мамандардың пікірі бойынша күріштің өнімі былтырғы (2013 жылы 49,9 ц/га) көлемнен кем болмайды деген болжам айтылуда. Қазіргі уақытта барлық ауданда (қалада) осы дақылды жинау жұмыстары толығымен басталып кетті.

Облыста құрылған күріш кластері аясында «АгроХолдинг» Байқоңыр» ЖШС 42 ауыл шаруашылығы құрылымдарымен күріш салысын алдын ала сатып алу жөнінде келісім-шарт жасасып, шаруашылықтардың сұранысы бойынша егін егу жұмыстары 809,9 млн. теңгеге қаржыландырылды.

Осы қаржылардың есебінен биылғы жылы 14520 гектар күріш егілді, нәтижесінде «АгроХолдинг» Байқоңыр» ЖШС элеваторына 16,2 мың тонна күріш салысын қабылдау жоспарланған. Бүгін осы астықты алғашқы элеваторға қабылдау шараларына өздеріңізбен бірге көріп кезу болдык.

Біз күріш шаруашылығын қолдай отырып, егіншілік саласын әртараптандыруды белсенді қолға алдық. Қазіргі уақытта облыста оның алғы шарттары жасалды. Ол шараларды атқару үшін бізге ғылыми бағдар, негіздемелер қажет. Сондықтан егін шаруашылығын әртараптандыру ғылыми негіздемесін жасау үшін Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу инс-



титутына түрлі қолдау жасалып келеді. Облыс әкімдігінің қолдауымен институт Краснодардағы бүкірессейлік ғылыми-зерттеу институтымен, Филиппиндегі Дүниежүзілік күріш институтымен, Ирандағы күрішті ғылыми-зерттеу және Батыс және Орталық Азияда білім тарату орталығы комитетімен әріптестік байланыс орнатып отыр.

Тағы бір бағыт – күріш өндірісімен айналысатын шаруашылықтарды ірілендіру. Қазіргі уақытта облыста 371 астам күріш өндірісімен айналысатын шаруашылық бар болса, оның 314 майда шаруашылық (салыстырма ретінде: Жалағаш ауданында биыл 20 мың гектар күрішті 116 шаруашылықтар еккен, көршілес Сырдария ауданында сондай көлемдегі күрішті 17 ірі шаруашылық еккен).

Майда шаруашылықтардың қаржылық мүмкіндігіне қарай жерлерінің толық пайдаланбауына, өнімді өткізуде, техника алуда, т.б. қиындықтарға әкеледі. Сондықтан, алдағы жылдары күріш өндірісімен ірі шаруашылықтар айналысу қажет. Жер

көлемі аз шағын шаруашылықтар әртараптандыру бағытындағы жұмыстармен айналысқаны дұрыс. Оның негізгі себебі жақында Ауыл шаруашылығы министрлігі тарапынан өңірлерді мамандандыру (карта специализация) жүргізілді. Ол 2018 жылдан бастап толық көлемінде іске асырылады. Сол себепті біздің майда шаруашылықтар бүгіннен бастап өңірлік мамандандыру картасының талаптарына дайындалуы қажет.

Атап өту қажет, облыста кейбір ауыл шаруашылығы құрылымдарында бағалы мал азығы жоңышканың үлесі жалпы егіс көлемінің 52 пайызын құрайды (күріш 26%). Бұл көрсеткіштер әртараптандыру бағытындағы мақсаттарымызға сай келеді. Сонымен қатар, бақша, көкөніс және көпжылдық дақылдарды тамшылатып суғару тәсілімен егуде жұмыстар атқарылуда. Сондықтан ғылыми ұсыныммен қатар, біз жергілікті жердегі ауыл шаруашылығы мамандарының тәжірибесімен санасып, олардың ұсыныс-пікірлерін өндіріске

пайдаланғанымыз дұрыс.

Өздеріңіз білесіздер, біз өткен жылдан бастап, күріш арашөптеріне қарсы қолданылатын гербицидтердің құнын субсидиялауға қол жеткіздік. Арашөптерге қарсы өңдеу жүргізбей күріш дақылдан жоғары өнім алу өте қиын. Ол үшін химиялық өңдеуге пайдаланатын гербицид сапалы болуы шарт.

Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңалау біз үшін өте өзекті мәселе. Сол себептен біз жылдан-жылға шаруашылықтар техника паркін жаңалап келеміз. Атап айтқанда, 2011-2013 жылдары тракторлар – 9,7 пайыз, астық комбайндары – 17,5 пайыз, ауыл шаруашылығы техникалары – 18,7 пайыз және автокөліктер 2,4 пайызға жаңаланған. Осы бағыттағы жұмыстарды әлі де белсендету қажет.

Биылғы көктемде күріштен де басқа дақылдардың әр гектарына төленетін субсидия көлемін көтеру туралы Сіздермен келіскен болатынбыз.

Осыған байланысты, егіншілік саласын әртараптандыруды ынталандыру мақсатында жергілікті бюджеттен қосымша 1 млрд. 300 млн. қаржы бөлініп, күріштен басқа дақылдарға төленетін субсидия нормалары өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылатылды. Ол қаржы қыркүйек айының соңына дейін шаруашылықтарға төленетін болады.

Сонымен қатар, 2015 жылы өсімдік шаруашылығын әртараптандыру мақсатында күріштен басқа майлы, мал азығындық, дәнді дақылдар, көкөніс, бақша мен картоптың егіс көлемін ұлғайту жөнінде облыс көлеміндегі ауыл шаруашылығы құрылымдарымен меморандумдар жасалынды.

Мұндағы мақсатымыз шаруашылықтарды келер жылы егін шаруашылығын әртараптандыру, күріштен басқа дақылдардың егіс көлемін ұлғайту, оған қажетті ауыл шаруашылығы техникаларын, тұқым, тынайытқыштар, материалдық құндылықтар сатып алуға мүмкіндік туғызып, осы дақылдардың егіс көлемін ұлғайту болды.

Сондықтан, келесі жылы дақылдардың егіс көлеміне төленетін субсидия нормасы ғылыми негіздерге сәйкес, ғалымдар және экономистермен келісе отырып әзірленді.

Жана норма бойынша субсидия төлегенде барлық субсидиялық қаржының 67 пайызы күріш егісіне (бұрын 97 пайыз болған), ал, 33 пайызы

басқа дақылдардың егіс көлеміне (бұрын 3 пайыз болған) тиісті болады.

Қорыта айтқанда, қазіргі әлемде және көрші мемлекеттерде қалыптасып отырған геосаяси жағдайға байланысты, еліміз үшін ауыл шаруашылығын дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мәселе болып отыр.

Өңірде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің (бидай ұнынан басқа) толық мүмкіндігі бар. Осыған байланысты, облыстағы дәстүрлі күріш дақылдан басқа да азық-түлік маңызы зор картоп, көкөніс, бақша және майлы дақылдарды өндірістік негізде өсіруді, сонымен қатар жүгері, арпа және мал азықтық дақылдар көлемін көбейтуді қолға алуымыз қажет. Ол өз кезегінде облыс халқы азық-түлікпен жыл бойы қамтамасыз етуге және мал шаруашылығына кәдімкі сапалы жем-шөп қорын жасауға мүмкіндік береді.

Жана келіскендей, келесі жылы күріш дақылдың 1 гектарына төленетін субсидия нормасын 23000 теңге көлемінде белгілеп, тамшылатып суғару арқылы өсірілетін дақылдарға субсидиялау шегіне дейін (1 гектарға жұмсалатын шығындардың 40 %-на дейін), басқа дақылдардың әр гектарына төленетін субсидияларды 10 еседен астам көлемге көбейтетін боламыз.

Осы арқылы алдағы жылдары, егін шаруашылығы саласында күріш егісін бірқалыпты көлемде сақтай отырып, мал азығындық дақылдардың егіс көлемін ұлғайту межеленіп отыр. Жоңышқа, мақсары, соя, сүрлемдік жүгері дақылдарының егісін ұлғайту нәтижесінде мал шаруашылығын дамытуды қолға аламыз. Сонымен қатар, гектар түсімділігін арттыру мақсатында, ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын жаңалау, өндіріске жана агротехникалық шараларды және суармалы суды үнемді пайдалану жүзеге асырылатын болады.

Бүгінгі мәжілістің мақсатының бірі егілген егінді ысырапсыз мерзімінде жинап алу. Ол үшін қолда бар ауыл шаруашылығы техникаларын мүмкіндігі толық жеткілікті. Сонымен қатар, күзді дала жұмыстарын дизель отынмен қамтамасыз етуді басты назарда ұстауымыз қажет.

Ауа райын болжау орталығының мәліметі бойынша қыркүйек айында жауын-шашын күтіліп отырған жоқ, яғни күріш жинау науқанына қолайлы болады. Сондықтан, облыс бойынша күріш ору жұмыстарын 5 қазанда, бастыруды 10 қазанда аяқтауды жоспарлап отырмыз.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛЕНЕДІ

Жуырда М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің мәжіліс залында облыстық ішкі саясат басқармасы мен “Қызылорда облысы Азаматтық Альянсы” қауымдастығының мүшарыдық болуымен үкіметтік емес ұйымдар әлеуетін арттыру мәселелерін талқылау бойынша дөңгелек үстел болып өтті. Онда үкіметтік емес ұйымдар жұмысы және алдағы атқарылатын шаралары мен оны жүзеге асыру жайы қаралды.

Оған “Қазақстан Азаматтық Альянсы” ЗТБ президенті Нұрлан Ерімбетов арнайы қатысып, өңіріміздегі үкіметтік емес ұйымдардың тыныс-тіршілігінен хабарлар болып, алдағы атқарылар жұмыстардың барысымен таныстырды. Сонымен қатар шараға қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін де тыңдап, қиған сауалдарына жауап берді.

– Өзірленіп жатқан заң жобасына байланысты еліміздің түкпір-түкпірінде болып, ондағы үкіметтік емес ұйымдардың мүшелерімен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдап, бірлесе жұмыс жасап келеміз. Міне, осындай шараның бірі Сыр елінде жалғасын тауып жатыр. Үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына байланысты көптеген мәселелер бар, бірақ бәрі де ретімен шешіліп келеді. Осы тұрғыда шет мемлекеттерде де болып, тәжірибе алмасу мақсатында жұмыс жасап жатырмыз. Осыған орай жоғары жаққа кейбір ұсыныс жасалдық. Негізінен жыл сайын бір тақырып қосып отырамыз, – деді Нұрлан Ерімбетов.

Сондай-ақ, дөңгелек үстел барысында “Ақбосаға”, “Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің кеңесі”, “Жігер”, тағы да басқа қоғамдық бірлестердің жетекшілері сөз алып, дайындалып жатқан заң жобасына байланысты ұсыныстар мен пікірлерін жеткізді.

Сара ҚОҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ЖОБА

«Қазалы ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіші «Жанкент қалашығының» қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары шекарасын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің жобасы туралы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Қазалы ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіші «Жанкент қалашығының» қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары шекарасын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің жобасы Қызылорда облыстық мәслихатының қарауына ұсынылсын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А. Ш. Әлнарароваға жүктелсін.
- Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев.

ЖОБА

Қазалы ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіші «Жанкент қалашығының» қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары шекарасын бекіту туралы

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

- Осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес Қазалы ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіші «Жанкент қалашығының» қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын табиғат ландшафты аймақтары шекарасы бекітілсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының сессиясының төрағасы

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Б. Еламанов

КЕЛІСІЛДІ

Қызылорда облысының мәдениет басқармасының басшысы

Е. Абдрахманов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы «__» №__ шешіміне 1-қосымша

Қазалы ауданында орналасқан тарих және мәдениет ескерткіші «Жанкент қалашығының» қорғау аймақтары, құрылыс салуды реттеу аймақтары және қорғалатын ландшафты аймақтары шекарасы.

№	Тарих және мәдени ескерткіштің атауы, мерімі	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері	Қорғау аймағының көлемі	Құрылыс салуды реттеу ауданының көлемі	Қорғалатын табиғат ландшафты аймағының көлемі
1	Жанкент қалашығының тарихи қалыптасқан аумағында орналасқан ескерткіштер тобы: Жанкент қалашығы V-VX ғасырлар Мыңтөбе моласы қорғаны VI-XIV ғасырлар Ортағасырлық кесене	археология	Қазалы ауданы Өркендеу ауылы аумағында онғыртас кенті 0,3 км орналасқан.	45 га	75 га	237 га
		археология				
		археология				

Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы «__» №__ шешіміне 1-қосымша

Жанкент қалашығының тарихи қалыптасқан аумағында орналасқан ескерткіштер тобының (Жанкент қалашығының IX-X ғасырлар, Мыңтөбе моласы қорғаны VI-XIV ғасырлар, Ортағасырлық кесене) қорғау аймақтары шекарасының СЫЗБАСЫ



Қорғау аймағының ауданы: S= 45 га, Құрылыс салуды реттеу ауданы: S= 75 га, Қорғалатын ландшафты аймағының ауданы: S= 237 га. Жалпы ауданы: S= 355 га

ҰЛЫҚТАСАҚ, АНАНЫ ҰЛЫҚТАЙЫҚ

Осы тақырыпта Жалағаш ауданына қарасты Аққыр ауылында аудан әкімдігінің қолдауымен “Қазақ тілі” қоғамы аудандық филиалының ұйымдастыруымен гендерлік саясатты насихаттау мақсатында тағылымы мол шара болып өтті.

Аққыр ауылының іргетасының қаланғанына биыл 50 жыл толып отыр. Осыған орай еңбек ардагерлеріне құрмет көрсету мақсатында сан алуан іс-шаралар өткізілуде. Ауылдың ажарланып, ұрпақтарының ұлағаттануына сүйтпен нәр, тәрбиесімен тәлім берген аналардың еңбегі ерекше. Содан да абзал жанды

аналарды құрметтеу, олардың ерлікке пара-пар өмір жолдарын ұрпақтарға ұлағат ету парыз.

“Ұлықтасақ, аналарды ұлықтайық” атты салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Қ.Мұстафаева кіріспе сөзбен ашып, аналардың қоғамдағы орнының өзгелерден оқ бойы озық тұратынын тілге тиек етіп, олардың ұрпақтарға тәлімді тәрбие берулерді өлшеусіз еңбектерін атап өтті. Бір атап өтерлігі, бұл ауылда 33 алтын, 11 күміс алкалы Батыр ана бар екен.

Салтанатты шарада жарыса сөз алған еңбек ардагері, Батыр ана Дүйсенкүл Құтымшешева, ауыл

іргетасын қалаған аналардың бірі Тазғұл апа, шаруашылықтың сан түрлі саласында бел бая, білек түре еңбек еткен Алмаш Сайымбетова, Дүйсенкүл Жақымова, Қуанышкүл Нұрасылова, Талмаржан Табынбаевалар өз өмірлерінен естеліктерін айтты. Сондай-ақ, жарысөзге шыққан З.Қоштаева, С.Махатова, З.Төралиева, Р.Өлдірешевалар отбасылық құндылықты қастерлеу, еңімен келін сыйласығы, ұлттық тәрбие туралы өз ойларын ортаға салды.

Ақ жаулықты аналарымыз әңгіме айтып қана қоймай, әй де салды. Шараға қатысқан аналар түгелге дерлік сыйлықтармен марапатталды.

Е.АҚҚАЛПҮЛЫ,
Жалағаш ауданы.

АС БЕРІЛЕДІ

Журналист Орман Нұрхабаевтың 100 жылдығына арналған ас беру рәсімі 18 қыркүйек күні сағат 12.00-де “Дидар” мейрамханасында өтетінін хабарлаймыз.

Жарамсыз деп есептелсін

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мемлекеттік мекемесінен Дауымбаева Қарлыға Бабановна 20.12.2011 жылғы №296 бұйрығымен берілген дәрігер балалар нефрологы мамандығы бойынша бірінші біліктілік санаты маман сертификатты (тіркеу №10-8-250) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Бабаева Клара Алшеровнаның атына Жанакорған ауданы, Талап ауылдық округі, Кенес ауылдылығы №239 орта мектепті 22.06.1992 жылы бітіргені жөнінде берілген А. №190577 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Қожаев Сақитжан Бауыржановичтің атына Кармақшы ауданы, Торетам кентіндегі №80 казак орта мектебін 16.06.2005 жылы бітіргені жөнінде берілген ОБ 1491530 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Бердимуратова Жұлдызай Қалбековнаның атына Қызылорда қаласы, Белкөл кенті, 1 квартал, 55 учаскесіне берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісі (кадастрлық №10-156-038-594, №0126203) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сайранов Арман Ердалевичтің атына Қызылорда қалалық жалпы білім беретін кешкі мектебін 18.06.2014 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0726990 аттестатының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сарбалаков Жорабек Оспановичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесі 29 у мекен-жайына берілген сатып алу-сату келісім-шарты(№, 17.03.2002 ж.), қабылдап алу актісі(№, 17.03.2002) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сарбалаков Жорабек Оспановичтің атына Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Миржакып Дулатов көшесі 10 мекен-жайына берілген Қызылорда қаласы әкімінің шешімі(№434 05.04.2002 ж.), жер учаскесін немесе жерді пайдалану құқығына жасалған сатып алу-сату келісім-шарты(№81 05.04.2002 ж.), қабылдап алу актісі (№, 17.03.2002ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Нұрбаева Гүлнздызы атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы №10 кәсіптік мектепті тігінші-пішіуші мамандығы бойынша 2014 жылы бітіргені жөнінде берілген КТД-II №0277493 дипломы қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Болашақ» университетінің ұжымы «Педагогика, психология және дефектология» кафедрасының меңгерушісі Сәуле Қуановаға әкесі

Байтөрінің кайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына кайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«Болашақ» университетінің ұжымы «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Асқар Еңсеповке балдызы

Жаркынбектің кайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына кайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

● С.МАЙҚАНОВА – 100 ЖЫЛ

ӨНЕР МЕРЕКЕСІ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қызылордада КСРО Халық артисі Сәбира Майқанованың 100 жылдығына арналған Қазақстан театрларының XXII республикалық фестивалі өз мәресіне жетті.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі мен Қызылорда облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен шараның мақсаты елімізде театр өнерін насихаттау, дәстүрлі театр өнерін сақтап, оны дамыту, дарынды артистер мен режиссерлерді ынталандыру, қазіргі заманғы сахна өнеріндегі жаңа бағыттарды анықтау, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге атсалысу, сондай-ақ, қазақ сахна өнерінің шебері, КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті театр және кино актрисасы Сәбира Майқанованы мәңгі есте қалдыру болып табылады.

Бес күн бойы Сыр халқы еліміздің әр облысынан келген тоғыз театрдың өнерін тамашалады. Театрлар шетелдік және отандық, классикалық және қазіргі заман авторларының қойылымдарын өнерсүйер қауым назарына ұсынды.

Фестивальда КСРО Халық артисі Асанәлі Әшімов бастаған өнер тараптары қазылық етті. Сәбира Майқанованың қызы Гүлдір Әбдірашитова мен немересі Талғат Байқонуров өнер мерекесінің мәртебелі мейманы болды.

Бес күнге созылған театр фестивалі қорытындысында лауреаттар анықталып, марапатталды. Бұл шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов қатысты. Облыс әкімінің 1 млн. теңге арнайы сыйлығымен Астана қаласының Жастар театры марапатталды. Сондай-ақ, «Қазақ классикалық драматургиясын ментергені үшін» номинациясына Ғ.Мүсіреповтің «Поэма о любви» спектаклі үшін Оңтүстік Қазақстан облыстық орыс драма театры не болса, «Сахналық актерлік ұзақ ғұмыр» номинациясына Қызылорда облыстық Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының актері,



Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Бақытбек Алпысбаев лайық деп танылды. «Үздік әйел бейнесі» номинациясымен Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» спектакліндегі Жер-Ана ролі үшін Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театрының актрисасы Түймехан Атымтаева марапатталды. Ал, «Үздік ер адам бейнесі» номинациясы Софоклдың «Эдип патша» спектакліндегі Эдип ролі үшін С.Мұқанов атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театрының актері Батырбек Шамбетовке берілді. «Үздік сценариялық шешім» номинациясына режиссер Қуандық Қасымов ие болды. Қызылорда облысы мәдениет басқармасының С.Майқанова атындағы арнайы жүлдесімен Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» спектакліндегі Толғанай ролі үшін Қазақстанның халық артисі Гүлжахан Әсетова марапатталды. Ал, облыстық мәдениет басқармасының «Үздік драматургия» арнайы жүлдесіне акын, драматург Иран-Гайып не болса, басқарманың «Актерлік ансамбль тұтастығы үшін» арнайы жүлдесі Жұмат Шанин атындағы Оңтүстік Қазақстан облыстық қазақ драма театрына табысталды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

САХНА САҢЛАҒЫ – СӘБИРА



Бүгінде Сыр елінде қазақ сахнасының саялғағы, аналар бейнесін жасаудың алыбына айналған КСРО және Қазақ КСР халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбира Майқанованың 100 жылдық мерейтойы дүркіреп өтуде. «Театр анасы» атанған Сәбира апамыздың кіндік қаны тамып, өмір есігін ашқан жері – Сырдария ауданына (кезіндегі Теренөзек ауданы) қарасты Қоғалық ауылы. Көнекөздердің айтуынша, апамыздың ата тектері осы ауыл маңындағы Майқантүбек деген жерде жатқан көрінеді. Содан да сырдариялықтар сахна саялғағы Сәбира апаларының мерейтойына барынша дайындалып, оны туған топырағында дүркіретіп өткізді. Теренөзек кентіндегі мәдениет үйі мен орталық алаңға жиналған жұртшылықтан көз тұнады. Шуақты ме-рекеге КСРО және Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов бастаған қазақ өнерінің ондаған тарапдары мен Сәбираның қызы Гүлдір Әбдірашитова арнайы келді.

Мереке “Сахна саялғағы – Сәбира” атты С.Майқанова сомдаған рольдерді орындаушылардың ай-мақтық байқауынан бастау алды. Бұл байқауға бір ғана Сыр емес, еліміздің Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан облыстарынан, яғни, елдің түкпір-түкпірінен он екі талапкер қатысып, бақ сынасты.

Салтанатты шараны кіріспе сөзбен ашқан аудан әкімі Ғанибек Қантөзев Сәбира апасы жайлы жүрекжарғы лебізін жеткізіп, байқауға қа-

тысушыларға мерекелік гүл шоғын ұсынып, сәттілік тіледі.

Сонымен, сахнаға Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сарыағаш ауданынан келген талапкер Клара Оразалиева шығып, Ғабит Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” трагедиясындағы Мақпал бейнесін сомдады. Мұнан соң Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық аудандық халық театрынан келген талапкер Күлім Ғұмарова Шыңғыс Айтматовтың “Ана – Жер-Ана” трилогиясынан Толғанай бейнесімен шықты. Сахна саялғағында аралдық Мәуе Каленова М.Әуезовтің “Қарақөз” трагедиясында Маржанның бейнесін, қазалылық талапкер Айгерім Асанова Мольердің “Саран” комедиясындағы Фрозинаның бейнесін, сырдариялық талапкер Мінаш Ысқақ Д.Исабековтің “Мүрагерлер” драмасынан Салиха кемпір бейнесін көрермендер назарына ұсына, аралдықтар Г.Матығұлова мен С.Дінжанова, жалағаштық талапкер Ж.Асанбаева, қармақшылық Ғ.Әлімбаева, жанакорғандық Н.Қыпшақбаева, сырдариялық Р.Өбдікәрімовалар Сәбира апалары ойнаған аналар бейнесін барынша паш етті.

Белгілі өртіс Бақытбек Алпысбаев бастаған байқаудың қазылар алқасы жарысқа қатысушы талапкерлер талантын сараптап салып, бас бөйгені Сырдария ауданы, Айдарлы ауылының түлегі Рахия Әбдікәрімоваға берді. Айта кетейік, байқауға қатысушылардың барлығы да марапатталып, гүл шоқтарына

оранды.

Мұнан соң “Жалын” тынығу лагерінде Сәбира апамыздың құрметіне ас беріліп, аруағына құран бағышталды.

Салтанатты шара аудандық мәдениет үйінің фойесінде орналасқан “Қазақ киносының падишасы” атты фото және кітап көрмелерімен көрермендердің егжей-тегжейлі танысуымен ас жалғасын тапты. Одан әрі өнер майталманының 100 жылдық торқалы тойына орай түсірілген “Сахна саялғағы – Сәбира” атты деректі фильмінің тұсауыкер рәсімі болды. Деректі фильм көрсетілімінен бұрын сахна төріне Қазақстанның және КСРО-ның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі актер, режиссер Асанәлі Әшімов көтеріліп, Сәбира апасы жайлы жан тебірентерлік сөз сөйледі. Кезінде Сәбира апасынан тәлім-тәрбие алып, өнер жолына түскенін тілге тиек еткен Асанәлі:

– Мені өмірге әкелген бір анам болса, өнерге әкелген екінші анам – Сәбира апам. Сәбира апайдың шуағы бізге де мол бабыт берді. Бойымызға қуат, санамизға алдамгершілік сіңіріп, өркениетті өнер жолына салды. Оның ұл-қыздарын ғана емес, қайсыбір болмасын қазақ балаларын алдамгершілік рухында тәрбиелеген аналық асыл қасиеті мәңгі жасай бермек, – деген ол шуағы мол Сәбира апа жайлы толғана сөйледі.

С.Майқанованың 100 жылдығына арналған деректі фильмді дайындаған “Сырдария – медиа” кәсіпорындар бірлестігі, Студия директоры Ә.Машарпов. Ал, қаржысы 1926,0 мың теңге тұралы екен.

Деректі фильм көрсетілімінен соң Сәбира апамыздың қызы Гүлдір Әбдірашитова сөз алып, аналарының аруағын қолайлап, 100 жылдық торқалы тойды дүркіретіп өткізіп жатқан жерлерестеріне алғысын жеткізді. Мұнан соң мәдениет үйінің сахнасында Сырдария аудандық халық театры дайындаған Дулат Исабековтің “Мүрагерлер” қойылымы сахналанды.

Теренөзек кенті орталық алаңында қазақ эстрада жұлдыздары Затыбек Көпбосынов, Жанболат пен Жәзираның қатысуымен кешіккіл бастау алған мерекелік гаала-концерт түн ортасына дейін тұрғындарға он мен күйден, әсем биден толасыз шашу шашты.

Еркін ӘБІЛ.

Сырдария ауданы.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Әлібековтер отбасында қарбалас тірлік басталғалы біраз болды. Сырт көзге сабырлы көрінгенімен, отағасы Мейрамбектің көңілінде бір алаң бар. Оның да өзіндік себебі жоқ емес. Республикада алғаш рет ұйымдастырылғалы отырған “Мерейлі отбасы” ұлттық сайысына іріктеу Сыр өңірінде де болып өтті.

ШУАҚ ШАШҚАН ШАҢҒЫРАҚ



Отбасылық сайысқа қатысуға 56 қазақ отбасы ниет білдірді. Талапкерлердің өтініштері ескеріле отырып, іріктеу жұмыстары жүргізілді. Соның нәтижесінде облыс орталығы мен жеті ауданнан 16 отбасы іріктеліп алынды. Облыс бойынша олардың сегізін үздік деп танылды, осы отбасылар арасынан үшеуі жеңімпаз атанды. “Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда” демекші, өздерінің бар мүмкіндіктерін жете пайдаланған Әлібековтер отбасы өз қарсыластарынан ілгері шығып, жеңістің биік тұғырына көтерілді. Енді олар республикалық “Мерейлі отбасы” ұлттық сайысында Сыр өңірінің намысын қорғайды. Мейрамбектің алаңайтыны да осы. Өздерін республикалық жарысқа үкілеп қосқан Сыр жұртшылығының үмітін ақтай алса, қанекі. Дегенмен, қашанда дұрыс шешім қабылдауға, нақты байлам жасауға дағдыланған Мейрамбектің тәуекелі басым түсті. Отанасы Лаураның, ересек балаларының сайысқа деген ынтасы мен ықпалы намысын қамшылап, келер күндерге асықтырады.

Берекелі отбасында жеті бүлдіршін жас құрақтай жайқалып өсіп келеді. Отбасының үлкені – Данияр онаншы сыныпта оқиды, оқу оза-ты. Тағвандодан республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп келеді. Әлемдік жарыстарда республиканың атын шығарып жүрген оның болашағына деген сенім мол. Екінші ұлдары – Рамазан келешек ғылым жолына түсетін сынайды. Өйткені, физика пәніне ден қойған өреннің ойы орамды, қолы епсекті. Ол гипс пен құмды пайдаланып, жанартаудың макетін жасап шығарды. Рамазан ұстаздарының танданы сезімін оятқан осы ебегінен “ЭКСПО-2017” халықаралық көрмесіне ұсынуды армандайды. Кім біледі, ақылдың жастан шығатынын ескерсек, оқушылық өмірі ізденіске толы жасөспірімнің еңбегі жанып, елінің атын

2014 жылғы 19 қыркүйек күні Мемлекет басшысының қатысуымен болатын «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының жеңімпаздарын марапаттау шарасына Қызылорда облысының атынан Әлібековтер отбасы қатысуда.

Кеше қызылордалықтар Әлібековтер отбасын Астана қаласында өтетін ұлттық конкурстың қорытынды кезеңіне салтанатты түрде шығарып салды.

Аталмыш республикалық байқауға 14 облыс 2 қаладан 16 отбасы қатысып жатыр.

Конкурс жеңімпаздарын анықтау жалпыхалықтық дауыс беру арқылы жүргізілуде. Дауыс беру мерзімі 25 тамыздан басталды.

Дауыс беру механизмі үш тәсілмен жүзеге асырылады.

Біріншісі – www.kaztube.kz сайты арқылы тіркеліп беруге болады.

Екіншісі – 6284 нөміріне 1 санын жолдауларыңызға болады. Смс дауыс беру тегін.

Үшіншісі – қалалық телефон арқылы 8 803 080 00 01 телефонына хабарласу арқылы дауыс бере аласыздар.

ҒҰМЫРЛЫ ЕҢБЕК

КӘСІП ТҮБІ – НӘСІП

Нарықтық заманның ың-ғайына тез бейімделіп, өз ісін өрістетіп кеткен жігіттердің бірі – Қайрат Назаров. Жан-жақтылық қабілетінің арқасында ағаш ұсталығын меңгеріп, жұрттың түрлі тапсырыстарын орындап жүргендігіне оншақты жылдың жүзі болды. Оның қазір өз шеберханасы, қажетті құрал-саймандары, жанына жалау болып, ойдағығысын іске асыратын көмекшілері де бар.

– Менірген маманды-ғым – көркемдеуші-суретші.

1986 жылы Алматы көркем-сурет училищесін бітіргенмін. Шиелиде, аудандық кооперативте өз мамандығым бойынша еңбек етіп жүргенімде қоғамдық өзгерістер орын алды да, біздің қажетіміз оншақтылық болмай қалған секілді. Соған

соң күнкөрістік кәсіп үшін ағаш ұсталығына шығып кеттім, – дейді кейіпкеріміз бір сәттік үзіліс кезінде. – Тұрғындардан тапсырыстар түсіп тұрды, шама келгенше сапалы етіп орындауға тырысамыз. Бұл күндері Қайраттың ағаш шеберханасына келуші тұтынушылар баршылық, өйткені, ол үздісін уақыттылы орындайды және жиназ бағасын келушінің жағдайына қарай қымбат саудалдай бермейтін жайсаңдығы да бар. Дүние тапқаннан жөні осы екен деп, «Берсең де бер бес теңге, бермесең де бер бес теңге» дей берсе, келушілердің де кірі алып, басқа шеберлерге кетуі әбден мүмкін.

Тұтынушымен тіл табыса білу, олардың көңілін шығуға тырысу – бұл нарықтық қатынастың өзіндік заңдылығы. Расында, пендеге алдыма адам келді екен, ісі түсті екен деп кеудесін кере бермей, «жусаннан аласа, бетегеден биік» болған жарасымды. Біле



білгенге, осындай қарым-қатынас қоғамның татулықта, ынтымақта өмір сүруіне әр кісінің қосқан үлесі болмақ.

Президентіміз белгілі бір кәсіптен әулет болып шұғылдандудың тиімділігін айтты, оны насихаттау барысын тапсырды. Осы орайда ұстамыздың келіншегі – Гауһар да осы шаруаның басы-қасында болып, үнемі еріне көмектесіп отырады. Ал баласы Мейрхат ұсталықтың қыр-сырын әкесінен үйреніп келеді. Келешекте осы жолды жалғастырып кетуге кәміл сенім бар. Жәкен, Бақытжан есімді көмекші жігіттер де өз істерін мінсіз атқаруға құлшынысты.

Иә, өз көшін түзеген Қазақ елі азаматтары елін тұғыр ету, еңбегін ғұмыр ету ләзім. Оның бағасы істің үлкен-кішілігімен емес, адал атқарылуымен бағала.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.

Шиели ауданы.

ЖАС ДОЙБЫШЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

Жас спортшылардың спортқа деген ынта-ықыласын арттыру үшін түрлі сайыстар мен жарыстар ұйымдастырылып, көңіл бөлініп келеді. Осы орайда облыстық дойбы федерациясы мен қалалық спорт бөлімінің мұрындық болуымен мектеп оқушылары арасында дойбыдан жарыс болып өтті. Оған қала мектептерінің оқушылары қатысты.

Шараның негізгі мақсаты балаларды спортқа баулу, қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастырып, бұқаралық спортты дамыту және насихаттау болып табылады.

Сайысты облыстық дойбы федерациясы мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жас-ұлан Тілеген ашып, жарысқа

қатысушыларға сәттілік тіледі. Ұлдар мен қыздар арасында болған сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Аса ыждағаттылық пен ұшқыр ойды қажет ететін сайыста қыздар арасында үздік танылып, бірінші орынды иемденген №8 мектеп интернатының 9-сынып оқушысы Гүлжан Әліжан болса, екінші орынды Перизат Берекет иемденді. Үшінші орынды Жаркынай Тайшыбаева қанағат тұтты.

Ал, ұлдар арасында өткен сайыста бірінші орынды Ақназар Байназар алды. Келесі жүлделі орындарды Бақдәулет Оспанов пен Қуандық Батырханұлы бөлісті.

Шара соңында жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, алғыс хаттармен марапатталды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

Меншік ісі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың
орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заяткер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмбақ Табынбаев - 8724 38 2-34-07Шиели, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kzГазет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Ақпаратқа қатынас тапсырыс бойынша
төленеді, қолжазба енгізуде және қайтарылмайды.Жарияландыру газетінің түпнұсқасы
кезгезгенсіз бірдей. "АҚ"-ағылы қызмет.Газет редакцияның компьютер орталығында
қатылған, "Сыр медиа" ЖШС-е баспаханасында
басылады. Қызылорда қаласы,
Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/жГазеттің таралымына "Қазақстан" - 23-54-51,
"Евразия-Пресс" - 27-62-64 жауапты.Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 24384

Тепсырыс № 851

Электронды оқылым 21000.

● ӘП, БӘРЕКЕЛДІ!

ЭЛИЗАБЕТ – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР



Үстіміздегі жылдың 10-15 қыркүйек аралығында Жапонияда мәнерлеп сырғанаудан Гран-при додасының төртінші кезеңі аяқталды. Аталмыш бәсекеде қызылордалық Элизабет Тұрсынбаева жақсы өнер көрсетті.

Ол мәнерлеп сырғанаудан қысқа бағдарламада көш бастады. Ол еркін бағдарламада бесінші орынды иеленіп, қорытындысында 159,38 баллмен қола жүлдені еншіледі. Элизабет осы бәсекеде Қазақстанның намысын қорғаған жалғыз мәнерлеп сырғанаушы болып табылады. Енді ол үстіміздегі жылдың 1-5 қазан аралығында Германияның Дрезден қаласында өтетін гран-при додасының алтыншы кезеңіне және 14-19 қазанда Ниццада болатын халықаралық жарысқа қатысуды көздеп отыр.

Әлія ТАЛАП.

ҮЛКЕНДЕРДІҢ КӨҢІЛІН
КӨТЕРГЕН КЕШ

Қалалық ардагерлер үйінде “Егде кісілердің тамақтану тәсілі және салауатты өмір салты” деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелді облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Гүлнұз Рысбекқызы жүргізді.

Жиынды қалалық ардагерлер кенесінің төрағасы Аманкелді Әбдібаев кіріспе сөз сөйлеп ашып, облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Қайрат Мырзахметов “Егде кісілердің салауатты өмір салты” жайлы өзекті баяндама жасады. Ардагерлер тарапынан баян даамашыға бірнеше сұрақтар қойылып, сұраққа түшымды жауаптар берілді. Дөңгелек үстелде “Сыр ұландары” жастар қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Сәуле Әбділаева жастардың тиімді тамақтануы, ішімдік пен темекінің зиянына жан-жақты тоқталды. Шара соңы көңілді кешке ұласты. Ән-жыр айтудан, шахмат, дойбы, қол күресі сияқты спорттық ойындардан жарыс өткізілді. Оның жеңімпаздары арнайы құрмет грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Тобаш ЕМБЕРГЕНҰЛЫ.

Қызылорда қаласы.